



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
**ХАБАРШЫСЫ**

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**РЕДАКЦИЯДАН:  
Құрметті оқырман!**

Қазақстан Ұлттық Банкі назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының кезекті шығарылымын ұсынып отыр. Мұндағы материалдар 2020 жылғы 1-31 желтоқсан аралығындағы кезеңді қамтиды.

Бұл басылымнан Сіздер әдеттегідей Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратпен таныса аласыздар.

**Редакция алқасының құрамы:**

**Редактор:**  
Вагапов Д.В.

**Редактордың орынбасары:**  
Адамбаева А.Р.

**Редакция алқасының мүшелері:**  
Иманбекова Г.К.

Матасова К.З

**Шығаруға жауапты:**  
Құрманғалиева Ә.Д.

Құрылтайшысы – ҚР Ұлттық Банкі  
Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А

Басылым Қазақстан Республикасы Баспа ісі және  
бұқаралық ақпарат ұлттық агенттігінде  
24.02.1997 ж. № 432 тіркелген  
1995 жылдан бастап шығарылады

## МАЗМҰНЫ

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 ақпандағы № 7 Қаулысы.....	6
2. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 ақпандағы № 10 Қаулысы.....	7
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасы 2021 жылғы 22 ақпандағы № 11 Қаулысы.....	10
4. «Ірі қатысушылары банктер болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей және жанама қатысуы жөнінде банктердің ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 212 қаулысының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 ақпандағы № 12 Қаулысы.....	11
5. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 ақпандағы № 18 Қаулысы.....	12
6. «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 ақпандағы № 19 Қаулысы.....	16
7. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 22 Қаулысы.....	17
8. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілік тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 23 Қаулысы.....	18
9. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 24 Қаулысы.....	20
10. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 25 Қаулысы.....	23

11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 15 наурыздағы № 28 Қаулысы.....	24
12. «Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 34 Қаулысы.....	25
13. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 37 Қаулысы.....	26
14. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 43 Қаулысы.....	27
15. «Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеулерге Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен гранттар беру Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 Қаулысы.....	29
16. «Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 48 Қаулысы.....	30
17. «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 4 сәуірдегі № 49 Қаулысы.....	33
18. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 24 мамырдағы № 51 Қаулысы.....	43
19. «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 24 мамырдағы № 52 Қаулысы.....	44
20. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 және «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 26 қарашадағы № 211 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 21 маусымдағы № 60 Қаулысы.....	50

21. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 21 маусымдағы № 64 Қаулысы.....57
22. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 90 қаулысының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 21 маусымдағы № 66 Қаулысы.....58
23. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 25 тамыздағы № 70 Қаулысы.....59
24. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 25 тамыздағы № 73 Қаулысы.....60
25. «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі № 77 Қаулысы.....61
26. Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 115 бірлескен қаулысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 679 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі № 79 Қаулысы.....63
27. «Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 және «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 98 Қаулысы.....64
28. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 99 Қаулысы.....67
29. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 100 Қаулысы.....68
30. «Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 101 Қаулысы .....69
31. «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 86 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 105 Қаулысы.....71
32. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 111 Қаулысы.....72

33. «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 112 Қаулысы...75
34. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 және «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 113 Қаулысы.....77
35. «Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 223 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 115 Қаулысы.....80
36. «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 118 Қаулысы.....83



Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінде  
04.03.2021 ж. № 22296 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 ақпан № 7

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Занына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «28. Тұрақтандыру портфелінің ең жоғарғы мөлшері 10 (он) миллиард АҚШ долларын құрайды. Егер жылдың қорытындысы бойынша тұрақтандыру портфелінің мөлшері 10 (он) миллиард АҚШ долларынан асып кеткен жағдайда, аударым жасау күніне асып кеткен сомадан кем емес мөлшердегі қаражат тиісті жылдан кейінгі 1 (бір) тоқсан ішінде тұрақтандыру портфелінен жинақ портфеліне аударылады.»;

28-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «28-1. Тұрақтандыру портфелінің ең төменгі мөлшері 5 (бес) миллиард АҚШ долларын құрайды. Егер әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша тұрақтандыру портфелінің мөлшері 5 (бес) миллиард АҚШ долларынан кем болған жағдайда, аударым жасау күніне толықтыру үшін қажетті сомадан кем емес мөлшердегі қаражат тиісті тоқсаннан кейінгі 1 (бір) ай ішінде жинақ портфелінен тұрақтандыру портфеліне аударылады.»;

51-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

- «Эталондық портфельге кірмейтін дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары, агенттік борыштық міндеттемелер, эталондық портфельге кіретін елдердің муниципалдық борыштық міндеттемелері, AA-(Standard&Poor's)/Aa3 (Moody's) және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері портфеліндегі ең жоғары ауытқулар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес айқындалады.»;
- 7-тарау алып тасталсын;
- 72-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 72-1-тармақпен толықтырылсын:

- «72-1. Контрәріптестермен операциялар контрәріптестердің кредитке қабілеттілігін ескере отырып, кредиттік лимиттері шеңберінде жүргізіледі.»;

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «73. Бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі осы Қағидаларда белгіленген деңгейден төмен түсірілген жағдайда, рейтинг төмендетілген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде осы позициялар мен мәмілелерді осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру бойынша шаралар қабылданады.»;
- 3-1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 6-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 3 наурызда № 22293 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 ақпан № 10

### «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

- «5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны»;
- 6), 7), 8) тармақшалар алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:



- «9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары бойынша салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны;»;
- 10), 11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

1-қосымшада:

- 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «4) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;»;
  - 5), 6), 7) тармақшалар алып тасталсын;

- 8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «8) Қазақстан Республикасының облыстары бойынша салымшылардың/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;»;
  - 9), 10) және 11) тармақшалар алып тасталсын;
  - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. Нысан шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес келетін шетел ұйымында инвестициялық басқарудағы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген (бұдан әрі – зейнетақы активтерін басқарушы) активтер бойынша ұсынылады.»;
  - 5-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  - 9-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  - 13-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

- 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «10. 9 және 11-бағандарда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2019 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.»;

16-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

- 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «7. 7-бағанда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2019 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.»;

17-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. 5-бағанда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2019 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.»;

19-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «5) 11 және 14-бағандарда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2019 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.»;

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «4) 8-бағанда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2019 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.»;
- 20-1-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымшада:

- 2-тармақ алып тасталсын.

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «3. Қордың бірінші басшысының, Қордың бас бухгалтерінің немесе Қордың есебіне қол қоюға уәкілетті басқа тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық форматтағы есептілік Қордың ақпараттық жүйесінде сақталады.»;
- 4-тармақ алып тасталсын.

**2.** Қаржы нарығы статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны 1 ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 7-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 9 наурызда № 22309 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 ақпан № 11

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) 3, 4, 14, 18 және 19-қосымшалардың қолданысы 2021 жылғы 30 маусымға дейін, қоса алғанда, тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде:
  - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады;
  - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады;
  - 14-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады;
  - 18-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады;
  - 19-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.
3. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілік тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) 11-қосымшаның қолданысы 2021 жылғы 31 наурызға дейін, қоса алғанда, тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде бұл қосымша осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.
4. «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 211 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19672 болып тіркелген, 2019 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 26-қосымшаның қолданысы 2021 жылғы 30 маусымға дейін, қоса алғанда, тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.
5. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының және исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 223 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19701 болып тіркелген, 2019 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жа-

рияланған) 2-қосымшаның 3, 4, 5 және 6-кестелерінің қолданысы 2021 жылғы 30 маусымға дейін, қоса алғанда тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы кестелер осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

6. Қаржы нарығы статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 7-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
7. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
9. Осы қаулы Тізбенің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 5-тармағының жиырма бесінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 9 наурызда № 22310 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 ақпан № 12

### «Ірі қатысушылары банктер болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей және жанама қатысуы жөнінде банктердің ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 212 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ірі қатысушылары банктер болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей және жанама қатысуы жөнінде банктердің ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 212 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19694 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 10 желтоқсанда жарияланған).
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



- 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 2 наурызда № 22282 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 ақпан № 18

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 Қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16922 болып тіркелген, 2018 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) *айналыстағы монеталар* – бағалы емес металдардан жасалған және қолма-қол ақша айналысына арналған монеталар;

- 2) *банкноттар және монеталар* – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің Қазақстан Республикасының аумағында заңды төлем құралы болып табылатын ақша белгілері;
- 3) *белгіленген құн* – банкноттардың, монеталардың номиналы бойынша құны;
- 4) *инвестициялық монеталар* – бағалы металдардан жасалған, инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын монеталар;
- 5) *коллекциялық монеталар* – коллекциялау және жинақтау объектісі болып табылатын, бағалы металдардан, сол сияқты бағалы емес металдардан жасалған, шектеулі таралыммен дайындалған мерекелік, естелік және өзге де арнайы соғылған монеталар;
- 6) *құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталар* – бағалы металдардан жеке-жеке жасалған және бір монетаның бірыңғай композициясына өзара біріктірілген екі және одан да көп бөліктен тұратын коллекциялық монеталар;
- 7) *Ұлттық Банктің интернет-дүкені* – жеке және заңды тұлғалардың Ұлттық Банк шығаратын инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алуға және (немесе) жеткізуге берілген тапсырыстарын орналастыруға, сатып алынатын инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарға ақы төлеуді жүзеге асыруға, сондай-ақ инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алу үшін орналастырылған тапсырыстың жай-күйін қарап көруге арналған Ұлттық Банктің интернет-ресурсының бөлімі;
- 8) *Ұлттық Банктің Орталығы* – ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын сатуды және сатып алуды жүзеге асыратын Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал);
- 9) *Ұлттық Банктің филиалы* – Ұлттық Банктің ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын сатуды және сатып алуды жүзеге асыратын аумақтық филиалы.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «6. Банкноттарды және айналыстағы монеталарды сату және сатып алу кезінде кассалық операцияларды жасау Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21299 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «8. Инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату бағасы Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қаулысымен белгіленеді.

Бағалы емес металдардан жасалған коллекциялық монеталарды сату бағасы белгіленген болып табылады.

Бағалы металдардан жасалған инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату бағасы монета дайындалған, бағалы металдың бір трой унциясы үшін Лондон бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастығы (LBMA) белгілеген таңертеңгі фиксинг (бағаны белгілеу) бойынша және сату күнінің алдындағы жұмыс күні ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты ресми бағамы бойынша айқындалған бағалы металдың құнына байланысты өзгереді.

Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы сатылатын инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату бағасы оларды жеткізу құнын және инвестициялық және коллекциялық монеталарды жеткізу жөніндегі шартта белгіленген сақтандыру алымының сомасын қосымша қамтиды.»;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- «10. *Инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталар 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асатын сомаға сатылған және сатып алынған жағдайда Ұлттық Банктің филиалы және (немесе) Ұлттық Банктің Орталығы инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алатын немесе сатып алу үшін тапсыратын жеке, заңды тұлғаларды (олардың өкілдерін) идентификаттауды, сондай-ақ «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 2-тармағы 1-1) тармақшасының талаптарына сәйкес оларды тексеруді жүзеге асырады.*

11. Инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асатын сомаға сатып алған, сондай-ақ оларды сатқан кезде жеке, заңды тұлғалар (олардың өкілдері):

- 1) Ұлттық Банктің филиалына және (немесе) Ұлттық Банктің Орталығына жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін және инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алуға немесе сатып алу үшін тапсыруға олардың өкілдерінің өкілет-



тігін растайтын жеке немесе заңды тұлғаның атынан өкілге берілген сенімхатты (бұдан әрі – сенімхат) ұсынады;

- 2) Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатуға немесе сатып алуға арналған өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) 2 (екі) данада толтырады, оның біреуі Ұлттық Банктің филиалында немесе Ұлттық Банктің Орталығында қалады, ал екіншісі жеке, заңды тұлғаларға (олардың өкілдеріне) беріледі.»;

17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- «17. Ұлттық Банктің филиалы сатып алу үшін қабылданған құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталарды қоспағанда, және (немесе) Ұлттық Банктің Орталығы сатып алу үшін қабылданған бағалы металдан жасалған инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталардың сараптамасын осындай сараптаманы жүргізуге арналған жабдықта жүргізеді.

Ұлттық Банктің филиалы сатып алу үшін қабылданған құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталарды сараптама жүргізу үшін Ұлттық Банктің Орталығына береді. Сатып алу үшін қабылданған құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталарға сараптаманы Ұлттық Банктің Орталығы осындай сараптама жүргізуге арналған жабдықта жүргізеді.

Ұлттық Банктің филиалы сараптаманы жүргізуге арналған жабдықтың болмауы немесе істен шығуы себепімен сатып алу үшін қабылдаған инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарға сараптама жүргізе алмаған жағдайда, сараптаманы Ұлттық Банктің Орталығы жүргізеді.

18. Сатып алу үшін қабылданған бағалы металдан жасалған инвестициялық және (немесе) коллекциялық монета сараптамасының қорытындысы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Сатып алу үшін қабылданған құрамдас бөліктері бар коллекциялық монета сараптамасының қорытындысы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

19. Сараптаманың қорытындысы негізінде:

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы металдан жасалған инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталардың;

Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталардың сатып алу сомасын есептеу жүргізіледі.

Бағалы металдың химиялық таза бір трой унциясы үшін Лондон бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастығы (LBMA) АҚШ долларымен белгілеген таңертеңгі фиксинг (бағаны белгілеу) инвестициялық немесе коллекциялық монетаны Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы жеке немесе заңды тұлғадан (олардың өкілдерінен) сатып алуы үшін қабылдау күнінің алдындағы Қазақстан Республикасындағы жұмыс күні айқындалады.

Ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты ресми бағамы Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы жеке немесе заңды тұлғадан (олардың өкілдерінен) инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алу үшін қабылдау күнінің алдындағы Қазақстан Республикасындағы жұмыс күні айқындалады.

Бағалы металдан жасалған, теңгемен тұтас белгіге дейін дөңгелектенген инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алу сомасы инвестициялық немесе коллекциялық монетаның дизайнында пайдаланылған, салынған теңбілдер, қондырмалар, жалатулар және басқа да декоративтік бөлшектер құнын қоспағанда, монетадағы бағалы металдың граммен химиялық таза салмағының құнына тең болады.

Теңгемен тұтас белгіге дейін дөңгелектенген құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталардың сатып алу сомасы құрамдас бөліктері бар коллекциялық монеталардың дизайнында пайдаланылған, салынған теңбілдер, қондырмалар, жалатулар және басқа да декоративтік бөлшектер құнын қоспағанда, коллекциялық монетаның әрбір құрамдас бөлігінің химиялық таза бағалы металдың граммен салмағының құнына тең болады.

Егер сараптама нәтижелері бойынша бағалы металдардан жасалған бір коллекциялық монетаны сатып алудың есептелген сомасы Қағидалардың 8-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес белгіленген сату бағасынан асып кетсе, онда сатып алу сомасы оны сату бағасына тең болады.

Егер сараптама нәтижелері бойынша бағалы металдардан жасалған бір инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алудың есептелген сомасы оның белгіленген құнынан аз болса, онда сатып алу сомасы бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның белгіленген құнына тең болады.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «21. Орталық Қағидалардың 17-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларда сараптама жүргізген кезде Ұлттық Банктің филиалы инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде оларды сатып алуға тапсырған жеке, заңды тұлғаларға (олардың өкілдеріне) Ұлттық Банктің Орталығы дайындаған сараптаманың қорытындысын жібереді және бағалы металдан жасалған инвестициялық және (немесе) коллекциялық монетаны сатып алу сомасын төлейді.»;
- осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын;
- осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 5-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (Касенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны 2 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 2 наурызда № 22287 тіркелдіҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 12 наурызда № 22323 тіркелді**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 ақпан № 19

**«Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы үшінші бөлігінің 18) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 45-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19871 болып тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларында:

- б-тармақ алып тасталсын.
2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 2 наурыз № 22

**Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:
  - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары есептілігінің тізбесі;
  - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есептің нысаны;
  - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес банкаралық активтер және міндеттемелер, сондай-ақ шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер бойынша есептің нысаны;
  - 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес активтердің және шартты міндеттемелердің құрылымы туралы есептің нысаны;
  - 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес қарыздар, оның ішінде толық көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар туралы есептің нысаны;
  - 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күнге қолданыстағы мәмілелер туралы есептің нысаны;
  - 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта мыналарды ұсынады:
  - 1) осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген есепті: күн сайын, есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей; ай сайын, есепті айдың соңғы күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ желтоқсан айына қосымша (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) – келесі қаржы жылындағы бірінші ақпаннан кешіктірмей;
  - 2) осы қаулының 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген есептерді – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ желтоқсан айына қосымша (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) – келесі қаржы жылындағы бірінші ақпаннан кешіктірмей;
  - 3) осы қаулының 1-тармағының б) тармақшасында көзделген есепті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген ай сайынғы есептілікті (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып), оның ішінде қорытынды айналымдарды жүргізбеген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары ұсынады.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;



- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
- 5. Осы қаулының 3 орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
- 6. Осы қаулы 4 алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 11 наурызда № 22321 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 2 наурыз № 23

### Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілік тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабы 6-тармағының төртінші бөлігіне және 54-бабының 1-тармағына және «Мемлекеттік статистика» туралы 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:
  - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілігінің тізбесі;
  - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептің нысаны;
  - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есептің нысаны;
3. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы
4. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

- 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес уақыт аралықтары бойынша ашық позицияларды (валюталар бөлігінде) бөлу туралы есептің нысаны;
  - 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес жалпы пайыздық тәуекелді (валюталар бөлігінде) есептеудің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің (қарыз алушылар бөлігінде) ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес 4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес 4-1, 4-2, 4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес 4-4, 4-5, 4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес аптаның (айдың) әрбір жұмыс күні үшін әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар және валюталық нетто-позиция туралы есептің нысаны;
  - 14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес ішкі активтердің, ішкі және өзге міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;
  - 15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтерінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес өтімділікті өтеу коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;
  - 20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
    - 1) әр апта сайын – осы қаулының 1-тармағы 13) тармақшасында көзделген есептілікті есепті аптадан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.
    - Күнтізбелік ай өткен кезде есепті аптада осы қаулының 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген есептілік өткен күнтізбелік айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей өткен күнтізбелік айға қатысты есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін және ағымдағы күнтізбелік айға қатысты есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін бөлек ұсынылады;
    - 2) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде;
    - 3) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 18) және 19) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде ұсынады.
  3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (Боранбаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
    - Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
    - осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
    - осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындауы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
  4. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.



5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ интернет-ресурсында орналасқан



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 11 наурызда № 22322 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 2 наурыз № 24

### Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:
  - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары есептілігінің тізбесі;
  - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес ақша және банктік салымдар туралы есептің нысаны;
  - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;
  - 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есептің нысаны;
  - 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;
  - 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға, туынды қаржы құралдарына қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;
  - 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес сақтанушының үлестес тұлғалармен инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;
  - 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес кері репо, репо операциялары туралы есептің нысаны;
  - 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;
  - 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есептің нысаны;

- 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары туралы есептің нысаны;
- 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес инвестициялық мүлік және негізгі құрал-жабдықтар туралы есептің нысаны;
- 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептің нысаны;
- 14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептің нысаны;
- 15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес сақтандыру сыйлықақылары туралы есептің нысаны;
- 16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдері туралы есептің нысаны;
- 17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес міндеттемелердің көлемі бойынша есептің нысаны;
- 18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес аралас коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;
- 19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;
- 20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес қайта сақтандыру қызметі туралы есептің нысаны;
- 21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жайлы ақпарат туралы есептің нысаны;
- 22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес Ұлттық және шетел валюталарындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімдерін салыстыру туралы есептің нысаны;
- 23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес баланстан тыс шоттар бойынша қалдықтар туралы есептің нысаны;
- 24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептің нысаны;
- 25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес шығындар бойынша есептің нысаны;
- 26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдерін есепке алу бойынша есептің нысаны;
- 27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептің нысаны;
- 28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттары және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлері бойынша есептің нысаны;
- 29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шеңберінде жасалған қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша есептің нысаны;
- 30) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есептің нысаны;
- 31) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес болжамды төлемдер құны бойынша есептің нысаны;
- 32) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз есептеу туралы есептің нысаны;
- 33) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетумен есептеу туралы есептің нысаны;
- 34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін Борнхьюттер-Фергюсон әдісімен есептеу туралы есептің нысаны;
- 35) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін жіктеу туралы есептің нысаны;
- 36) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған және жүзеге асырылған сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері туралы есептің нысаны;
- 37) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес сақтанушыларға берілген қарыздар туралы есептің нысаны;
- 38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептің нысаны;
- 39) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлері филиалдарының қатысуымен жасалған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;
- 40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы сақтандыру брокерінің үлестес тұлғалары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-сақтандыру брокерлерінің филиалдарымен жасалған қайта сақтандыру шарттары туралы және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокері филиалының сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-қайта сақтандыру ұйымдарының қайта сақтандыруына орналастыру талаптары туралы есептің нысаны;
- 41) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының есептілікті беру қағидалары бекітілсін.



2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
- 1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 20) және 22) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күніне дейінгі мерзімде ұсынады;
  - 2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 12) және 23) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
  - 3) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33) және 34) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күніне дейінгі мерзімде;
  - 4) жартыжылдықтар бойынша – осы қаулының 1-тармағының 21) тармақшасында көзделген есептілікті есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
  - 5) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 19), 35), 36) және 37) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
  - 6) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 38) тармақшасында көзделген есептілікті қаржылық жыл аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.
3. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
- 1) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 11), 39) және 40) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
  - 2) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 38) тармақшасында көзделген есептілікті қаржылық жыл аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.
4. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М.Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 5-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
5. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (А.Р. Адамбаева) осы қаулыны мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 12 наурызда № 22330 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 2 наурыз № 25

### Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:
  - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесі;
  - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептің нысаны;
  - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту сомасы туралы есептің нысаны;
  - 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және қызметтің айрықша түрі ретінде қайта сақтандыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-қайта сақтандыру ұйымдары филиалдарының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері туралы есептің нысаны;
  - 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері туралы есептің нысаны;
  - 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының өтімділігі жоғары активтері туралы есептің нысаны;
  - 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық форматта ұсынады.
3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (Боранбаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
  5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
  6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 1 сәуірде № 154093 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 31 наурыз № 34

### «Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе мен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін; Көрсетілген қаулымен бекітілген қаржы ұйымдарының және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 25 наурызда № 22383 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 15 наурыз № 28

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) және 64) тармақшаларына сәйкес, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (Касенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева А.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (С.К. Рахметова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан



ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 22 сәуірде № 22596 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 19 сәуір № 37

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 1), 47), 65-2) және 69) тармақшаларына, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 10 және 10-1-тармақтарына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының әкімшілік деректер жинау және есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (Боранбаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
  4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
  5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
22.04.2021 ж. № 22591 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 19 сәуір № 43

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 75) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында:



1-тармақтың жиырмасыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

- «тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан филиалдарының және өкілдіктерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ ішкі кооперация бойынша сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;»;

2-тармақтың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «22) ішкі кооперация – тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) Ұлттық Банктен немесе Ұлттық Банктің ұйымынан не олардың үлестес тұлғаларынан олардың ережесінде немесе жарғысында көзделген, сондай-ақ тапсырыс берушінің қызметін тоқтаусыз және үздіксіз жүзеге асыруды қолдауға және қамтамасыз етуге бағытталған қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;»;
- 158-тармақтың б) тармақшасы алып тасталсын;

185-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «2) республикалық немесе жергілікті бюджет қаражатынан қаржыланатын ұйымдармен;»;

191-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «3) табиғи монополиялар салаларында және реттеу нарықтарында басшылықты жүзеге асыратын орган белгілеген баға шегінде бағаны мемлекеттік реттеу белгіленген жағдайды қоспағанда, бір тауар, көрсетілетін қызмет бағасының өзгеруі бөлігінде өзгерістер енгізуге жол берілмейді.».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы департаменті (Әдібаев А.С.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

6. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

7. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
23.04.2021 ж. № 22608 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 19 сәуір № 47

### Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы үшінші бөлігінің 9-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің Департамент – зерттеулер және талдама орталығы (С.Т. Хакімжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің басшысы Е.А. Біртановқа жүктелсін.
5. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан





ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 11 мамырда № 22715 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 26 сәуір № 48

### «Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20474 болып тіркелген, 2020 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес шетел валютасымен биржадан тыс операциялар туралы есептің нысаны;
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есептің нысаны;
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;
- 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес банктің басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есептің нысаны;
- 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес өзге сыныпталатын активтер мен ірі дебиторлар туралы есептің нысаны;
- 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есептің нысаны;
- 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;
- 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес қолма-қол ақшамен операциялар туралы есептің нысаны;

- 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есептің нысаны;
- 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;
- 14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері бойынша есептің нысаны;
- 15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес зиян келтірген операциялық тәуекел оқиғаларының мониторингі туралы есептің нысаны;
- 16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес банктің басшы қызметкерлеріне төленген кіріс туралы есептің нысаны;
- 17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес Екінші деңгейдегі банктердің есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

Екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта мыналарды:

- 1) осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген есепті – есепті күннен кейінгі үш жұмыс күннен кешіктірмей күн сайын ұсынады, оған мыналар;

есепті күннен кейінгі төрт жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылатын айдың бірінші, екінші және соңғы жұмыс күндері үшін есептер;

аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есеп (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қосылмайды;

- 2) осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептерді – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;
- 3) осы қаулының 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген есепті – есепті күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, күн сайын;
- 4) осы қаулының 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген есепті: өзге де сыныпталатын активтер туралы мәліметтер бөлігінде – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке ала отырып) желтоқсан айы үшін өзге сыныпталатын активтер туралы қосымша есепті қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын; ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесіннен кешіктірмей, тоқсан сайын;
- 5) осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есепті – есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;
- 6) осы қаулының 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген есепті: банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізілімі бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын; банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер және банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы қосымша мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;
- 7) осы қаулының 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген есепті – есепті айдан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, ай сайын;
- 8) осы қаулының 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген есепті – есепті айдан кейінгі айдың сегізінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;
- 9) осы қаулының 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген есепті – есепті айдан кейінгі айдың он бесіннен кешіктірмей, ай сайын;
- 10) осы қаулының 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;
- 11) осы қаулының 1-тармағының 15) тармақшасында көзделген есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын;
- 12) осы қаулының 1-тармағының 16) тармақшасында көзделген есепті – қаржы жылы аяқталуы бойынша күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде, жыл сайын ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктер осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 12) және 14) тармақшаларында көзделген желтоқсан айы үшін (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке ала отырып) қосымша есептерді (оның ішінде есепті айда банкшілік операциялар бойынша айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады.»;



- 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 8-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 9-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 10-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 11-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 12-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 13-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 14-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 15-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 16-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 17-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
5. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 1 мамырда № 22685 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 4 сәуір № 49

### «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 58) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 1-тармағына, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 2-тармағына, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына және 12-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 24 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 92-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 58) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 2-тармағына, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына және 12-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) автоматтандырылған айырбастау пункті – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаға тиесілі және оның қызметкерінің қатысуынсыз оған қолма-қол ақшаны осы құрылғыға енгізу және одан басқа валютада қолма-қол балама соманы алу арқылы айырбастау операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;
- 2) айырбастау операциялары – айырбастау пункттері және автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операциялар;
- 3) айырбастау пункті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы немесе Қазақстан Республикасының заңдары негізінде Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк құрған, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру үшін арнайы жабдықталған орын;
- 4) айырбастау пунктінің операциялық кассасы – айырбастау пункті үй-жайының қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ «Алтынның өлшеуіш құймалары. Техникалық та-

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

лаптар» ҚР СТ 2049 Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылдан ерте емес шығарған тазартылған құйма алтынды (бұдан әрі – тазартылған құйма алтын) сатып алу және (немесе) сату кезінде клиенттерге қызмет көрсететін кассирге арналған арнайы жабдықталған бөлігі;

- 5) аппараттық-бағдарламалық кешен – айырбастау операцияларының, аффинирленген құйма алтынды сатып алудың және (немесе) сатудың есебін жүргізуді, жасалған айырбастау операциялары, аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операциялары бойынша ақпараттың түзетілмейтін тіркелуін және энергияға тәуелсіз сақталуын қамтамасыз ететін, бақылау-касса машинасының функцияларын іске асыратын бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың жиынтығы;
- 6) әуежай – әуе кемелерін қабылдауға және жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін әуеайлағы, аэровокзалы, сондай-ақ басқа да қажетті құрылыстары мен жабдығы бар құрылыстар кешені;
- 7) бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;
- 8) казино – құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу үшін ойын үстелдері пайдаланылатын ойын мекемесі;
- 9) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;
- 10) қолданыстағы лицензия – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензия;
- 11) қолма-қол шетел валютасы – шетелдік мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған айналыстағы банкноттар, монеталар және қазынашылық билеттер;
- 12) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға – өзіне Ұлттық Банк, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияға немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк;
- 13) құжаттың электрондық көшірмесі – төлнұсқа құжаттың түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;
- 14) лицензияға қолданыстағы қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензияға қосымша;
- 15) лицензияға қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның уәкілетті ұйымның айырбастау пунктіннің нақты орналасқан орны туралы мәліметтер қамтылған ажырамас бөлігі;
- 16) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;
- 17) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;
- 18) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйе;
- 19) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;
- 20) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті – теміржол, автомобиль вокзалы немесе станциясы, теңіз немесе өзен порты, халықаралық әуежай немесе әуеайлақ шектеріндегі аумақ (акватория), сондай-ақ адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу жүзеге асырылатын тиісті инфрақұрылымы бар, Мемлекеттік шекараға тікелей жақын жерде арнайы бөлінген өзге де жергілікті жер учаскесі;
- 21) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық жалғанған) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай);

- 22) теміржол вокзалы – класына қарай халыққа теміржол көлігімен тасымалдау және багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үйлердің, ғимараттардың (жолаушы платформаларын, вокзал өтпелерін және вокзал маңындағы аумақты қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;
- 23) уәкілетті банктер – валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ шетелдік банктердің Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдары;
- 24) уәкілетті ұйымдар – банктер болып табылмайтын, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары;
- 25) ұлттық валюта – Қазақстан Республикасының аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен монеталары түріндегі ақша белгілері, банктік шоттардағы Қазақстан Республикасының ақша бірліктеріндегі ақша;
- 26) шетел валютасы – шет мемлекеттің (мемлекеттер тобының) аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын банкноттар, монеталар түріндегі ақша белгілері, банктік шоттардағы шет мемлекеттердің (мемлекеттер тобының) ақша бірліктеріндегі және халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі ақша;
- 27) электрондық лицензия және лицензияға электрондық қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия және ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін, маңызы қағаз тасымалдағыштағы лицензиямен және лицензияға қосымшамен бірдей электрондық құжат нысанындағы лицензия және лицензияға қосымша;
- 28) «электрондық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;
- 29) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«б. Мына:

- 1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылатын тұлғалар үш жыл өтпеген күннен бастап;
- 2) оларға қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкерінің лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар тұлғалар;
- 3) ҚЖТҚҚ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі тұлғалар;
- 4) оларға қатысты Ұлттық Банк бастаған тексеру үш жыл өтпеген күннен жарамды лицензияны және лицензияға жарамды қосымшаны (жарамды қосымшаларды) ерікті түрде қайтару себебі бойынша аяқтамаған уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылатын тұлғаларды қоспағанда Қазақстан Республикасының резиденті және бейрезиденті жеке және заңды тұлғалар уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«б-1. Мына адамдар:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) ҚЖТҚҚ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі тұлға;
- 3) оған қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан айыру түрінде

қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар адамдар уәкілетті ұйымның (оның филиалының) басшысы болып тағайындалмайды.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Айырбастау пунктiнiң (автоматтандырылған айырбастау пунктiн қоспағанда) үй-жайына, жабдығына, қызметкерлерiне қойылатын талаптар:

- 1) айырбастау пунктiнiң үй-жайларын күзетудi және жайластыруды ұйымдастыру нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде №20075 болып тiркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы №14 қаулысымен бекiтiлген екiншi деңгейдегi банктердiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерi филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметi болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметiн Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негiзiнде тек қана айырбастау пункттерi арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетудi және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында белгiленген талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;
- 2) айырбастау пунктiнiң операциялық кассасы бейне деректер архивiнiң резервтік көшiрмесiн жасауды және архивтi жою мен редакциялаудан қорғауды қамтамасыз ететiн техникалық құрылғыларда күнтiзбелiк 30 (отыз) күн iшiнде ақпаратты жазу мен сақтауды қамтамасыз ететiн бейнебақылау жүйесiмен жабдықталады, бұл ретте бейнебақылаудың көрiну аймағында кассирдiң жұмыс аймағы мен клиент болады, ал тиiстi құрылғылар бейнебақылау үшін кедергiлердiң болмауын қамтамасыз ететiн орындарда орнатылады;
- 3) кассирдiң жұмыс орны Қағидалардың талаптарына сәйкес айырбастау операцияларының есебiн жүргiзу үшiн аппараттық-бағдарламалық кешенмен не бақылау-касса аппаратымен және бағдарламалық қамтамасыз етумен, сондай-ақ банкнотты ультракүлгiн жарықпен тексерудi (қағаздың люминесценциясын бақылау және өзге) және банкнотты магниттiк белгiлердiң болуына тексерудi қамтамасыз ететiн ақша белгiлерiнiң түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдармен жабдықталады;
- 4) қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткен не қолма-қол шетел валютасымен кемiнде алты ай жұмыс тәжiрибесi бар кассир болуға тиiс.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Уәкiлеттi ұйым лицензияны және лицензияға қосымшаны алу үшiн «электрондық үкiмет» веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жiбередi:

- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтiнiш, өтiнiш берушiнiң Қағидалардың 13-тармағында көзделген бiлiктiлiк талаптарына сәйкестiгiн растайтын құжаттардың электрондық көшiрмелерi;
- 2) жарғының электрондық көшiрмесi;
- 3) «электрондық үкiмет» төлемдiк шлюзi арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерiмен айналысу құқығы үшiн лицензиялық алымның төленгенiн растайтын құжаттың электрондық көшiрмесi;
- 4) екiншi деңгейдегi банктiң не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының шетел валютасындағы банк шотының болуы туралы анықтамасының электрондық көшiрмесi.

13. Бiлiктiлiк талаптарына сәйкестiктi растау ретiнде уәкiлеттi ұйым «электрондық үкiметтiң» веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жiбередi:

- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтiнiш (Қағидалардың 12-тармағында көзделген жағдайда), Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пунктi үшiн қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтiнiш (Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);
- 2) екiншi деңгейдегi банктiң не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес уәкiлеттi ұйымның банк шотына жарғылық капиталына жарна ретiндегi ақшаның есепке жазылуын растайтын, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтiнiш берген күнге дейiн күнтiзбелiк 30 (отыз) күннен ерте емес берiлген құжатының электрондық көшiрмесiн (оның iшiнде клиенттiң банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзiндi-көшiрме), не қосымша айырбастау пунктiн ескере отырып, уәкiлеттi ұйымның жарғылық капиталы мөлшерiнiң белгiленген талаптарға сәйкестiгiн растайтын Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пунктi үшiн қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына ар-

налған жарамды лицензияға қосымшаны алуға өтiнiш берген айдың бiрiншi күнiндегi жағдай бойынша қаржылық есептiлiктiң электрондық көшiрмесiн (Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);

- 3) кассирдiң қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткенiн растайтын екiншi деңгейдегi банк не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы анықтамасының электрондық көшiрмесiн не Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген және қызметкердiң қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша кассир ретiнде кемiнде 6 (алты) ай еңбек қызметiн растайтын құжаттың электрондық көшiрмесiн (автоматтандырылған айырбастау пунктiн қоспағанда);
- 4) уәкiлеттi ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзiн ашатын құжаттың (қарыз шартының, мүлiктi сатып алу-сату шартының, кiрiстер туралы анықтаманың, уәкiлеттi ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзiн ашатын басқа құжаттардың) электрондық көшiрмесiн жiбередi.

Уәкiлеттi ұйым қосымша ашылатын айырбастау пунктiне (автоматтандырылған айырбастау пунктi) жарамды лицензияға қосымшаны алу үшiн өтiнiш бiлдiрген кезде Ұлттық Банктiң аумақтық филиалында қосымша ашылатын айырбастау пунктiн ескере отырып уәкiлеттi ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзiн растайтын мәлiметтер болмаған кезде осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнiң 4) тармақшасында көзделген құжат ұсынылады.

Автоматтандырылған айырбастау пунктiн ашқан кезде бiлiктiлiк талаптарына сәйкес келудi растау ретiнде уәкiлеттi ұйым «электрондық үкiметтiң» веб-порталы арқылы осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнiң 1) тармақшасында көрсетiлген электрондық құжатты, осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнiң 2) және 4) тармақшаларында көрсетiлген құжаттардың электрондық көшiрмелерiн, сондай-ақ автоматтандырылған айырбастау пунктiнiң техникалық сипаттамаларын және оның Қағидалардың 37-тармағында белгiленген талаптарға сәйкес келуiн растайтын құжаттың электрондық көшiрмесiн жiбередi.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Уәкiлеттi ұйым мынадай:

- 1) уәкiлеттi ұйым қосылу, бiрiгу нысанында қайта ұйымдастырылған;
- 2) уәкiлеттi ұйымның атауы және (немесе) мемлекеттiк тiркеу орны өзгерген;
- 3) уәкiлеттi ұйымның қызмет түрiнiң атауы өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияны қайта ресiмдеу үшiн Ұлттық Банктiң аумақтық филиалына «электрондық үкiметтiң» веб-порталы арқылы өтiнiш жасайды.

Уәкiлеттi ұйым (оның филиалы) мынадай:

- 1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресiмдеген;
- 2) айырбастау пунктiнiң нақты орын ауыстырмай орналасқан жерiнiң мекенжайы өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияның қолданыстағы қосымшасын қайта ресiмдеу үшiн Ұлттық Банктiң аумақтық филиалына «электрондық үкiметтiң» веб-порталы арқылы өтiнiш жасайды.

Осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнiң 2) тармақшасында және екiншi бөлiгiнiң 2) тармақшасында көрсетiлген жағдайларда, егер уәкiлеттi ұйымның мемлекеттiк тiркеу орнының, уәкiлеттi ұйымның айырбастау пунктiнiң орналасқан жерiнiң мекенжайының өзгеруi «Қазақстан Республикасының әкiмшiлiк-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес елдi мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруiне байланысты болса, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресiмдеу жүзеге асырылмайды.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресiмдеуге электрондық өтiнiш қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресiмдеу үшiн негiз болған өзгерiстер туындаған сәттен бастап күнтiзбелiк 30 (отыз) күн iшiнде «электрондық үкiметтiң» веб-порталы арқылы ұсынылады.»;

19-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19-4. Мыналар лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беруден, қайта ресiмдеуден бас тарту үшiн негiз болып табылады:

- 1) Валюталық реттеу туралы заңның 12-бабының 4-тармағында және Рұқсаттар туралы заңның 32-бабының 1-тармағында көзделген құжаттарды және (немесе) мәлiметтердi ұсынбау, сондай-ақ Қағидаларға 4-1-қосымшаның 8-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбау;

- 2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Валюталық реттеу туралы заңның 12-бабының 4-тармағында және Рұқсаттар туралы заңның 32-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.»;

19-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «19-5. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда жүргізіледі. Электрондық нысандағы шағым «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы қабылданған шешім туралы өзіне белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей шағым береді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мерзімді дәлелді себеппен өткізіп алған кезде Ұлттық Банк бұл мерзімді көрсетілген қызметті алушының өтінішхаты бойынша қалпына келтіреді.

Шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру мақсатында Ұлттық Банк ауруды, еңсерілмейтін күштің мән-жайларын дәлелді себептер ретінде таниды.

Шағым жасау үшін өткізіп алынған мерзім Ұлттық Банктің шағымды қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіздердің бірі болып табылады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы шағым түскен келесі жұмыс күнінен кешіктірмей оны Ұлттық Банктің мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жауапты бөлімшесінің қарауына жібереді.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және шағым жасалған күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалының кеңсесінде қағаз нысандағы шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) қағаз түріндегі шағымның қабылданғанын растау болып табылады. «Электрондық үкімет» веб-порталын пайдаланушының жеке кабинетіне Ұлттық Банктің аумақтық филиалы берген тіркеу күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып, өтінішті тіркеу туралы хабарламаның түсуі шағымның электрондық нысанда қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалының атына келіп түскен көрсетілетін қызмет алушының шағымы оны тіркеу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «26. Ерікті таратылған не қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметтен бас тартқан кезде, уәкілетті ұйым шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы хабарлайды.

Уәкілетті ұйым өз филиалының қызметін ерікті тоқтатқан кезде тиісті шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, қызметі тоқтатылатын филиалды есептік тіркеу орны бойынша бұл туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы хабарлайды.

Айырбастау пунктін жапқан кезде, уәкілетті ұйым (оның филиалы) айырбастау пунктін жабылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалына қабылданған шешім туралы жазбаша не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы хабарлайды.»;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «28. Уәкілетті банк (оның филиалы) астанаға немесе республикалық маңызы бар қалаға іргелес облыс шегінде айырбастау пункттерін (автоматтандырылған айырбастау пункттерін) ашатын астанада немесе республикалық маңызы бар қалада орналасқан уәкілетті банктің филиалын қоспағанда, айырбастау пункттерін (автоматтандырылған айырбастау пункттерін) уәкілетті банктің (оның филиалының) орналасқан жері өңірінің (облыстың, республикалық мәні бар қаланың немесе астананың) шегінде ғана ашады.»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «49. Айырбастау пунктінде, оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пунктін арқылы жүргізілетін әрбір айырбастау операциясы аяқталғаннан кейін электрондық түрде жүргізілетін және Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізілімдері журналында (бұдан әрі – тізілімдер журналы) белгіленген барлық деректемелер мен көрсеткіштерді қамтитын сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізілімдері журналында ескеріледі.

Тізілімдер журналы айырбастау пунктін әрбір операциялық кассасында және аппараттық-бағдарламалық кешендегі әрбір автоматтандырылған айырбастау пунктінде жеке жүргізіледі. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға тізілімдер журналында көрсетілген жасалған айырбастау операциялары бойынша ақпаратты олар жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенде сақтауды қамтамасыз етеді.

Уәкілетті ұйымдар үшін осы тармақтың талаптары ескеріліп, тізілімдер журналын бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып электрондық түрде жүргізуге жол беріледі.»;

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «51. Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан асатын сомаға айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында:

клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі);

клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі;

клиенттің заңды мекенжайы тіркеледі.

Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан аспайтын сомаға айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін тізілімдер журналында тіркеу клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері негізінде жүзеге асырылады.»;

53 және 54-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- «53. Айырбастау операцияларын жүргізу кезінде айналыстағы ақша белгілерін номиналы және эмиссия жылдары бойынша қабылдауда шектеулер белгіленбейді, сондай-ақ КЖТҚК туралы Заңның 13-бабында көзделген немесе Қағидалардың 51-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбаған жағдайларды қоспағанда айырбастау пунктінде айырбастау операциясын жүргізу үшін қажетті сомада қолма-қол шетел валютасы және қолма-қол ұлттық валюта болған кезде жеке тұлғаларға айырбастау операциясын жүргізуден бас тарту жүзеге асырылмайды.

Жеке тұлғаға айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату бағамдары белгіленген қолма-қол ұлттық немесе қолма-қол шетел валютасының болмауы себебінен айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылған кезде, айырбастау пунктін қассирі жеке тұлғаның талап етуі бойынша айырбастау пунктінде жоқ валютаның түрін және сомасын, анықтама берілген күнді және уақытын көрсете отырып, еркін нысандағы анықтаманы береді. Анықтамаға айырбастау пунктін қассирі қол қояды және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

54. Айырбастау пунктін (автоматтандырылған айырбастау пунктін) айырбастау операциясының жүргізілуін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 166-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бақылау чегін бере отырып растайды.»;



70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «70. Түрлері бойынша аффинирленген құйма алтынды қабылдауда шектеулер белгіленбейді, сондай-ақ ҚЖТҚҚ туралы Заңның 13-бабында көзделген немесе Қағидалардың 73-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбаған жағдайларды қоспағанда айырбастау пунктінде осындай операцияны жүргізу үшін қажетті сомада қолма-қол ұлттық валюта және (немесе) осындай операцияны жүргізу үшін қажетті көлемде аффинирленген құйма алтын болған кезде жеке тұлғаларға мұндай құймаларды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды жүргізуден бас тарту жүзеге асырылмайды.»;

72 және 73-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- «72. Уәкілетті ұйымның айырбастау пункті Салық кодексінің 166-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операциясының жүргізілгенін бақылау чегін бере отырып растайды.

73. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінде жүргізілетін аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі әрбір операция Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды есепке алу электрондық журналында (бұдан әрі – аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы) есепке алынады.

Аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінде әрбір операциялық кассасында аппараттық-бағдарламалық кешенде жеке жүргізіледі. Уәкілетті ұйым аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында көрсетілген аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша жасалған операциялар жөніндегі ақпаратты олар жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы аппараттық-бағдарламалық кешенде сақтауды қамтамасыз етеді.

Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асатын сомадағы операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында мыналар:

клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі);

клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі;

клиенттің заңды мекенжайы тіркеледі.

Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын сомаға операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты, әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында тіркеу клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері негізінде жүзеге асырылады.»;

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «76. Уәкілетті ұйым аффинирленген алтынды тұтас арнайы ораудағы құймаларды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар жүргізеді.

Арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз аффинирленген құйма алтынды, сондай-ақ Ұлттық Банк 2017 жылға дейін шығарған сертификатталған өлшеуіш құймалардағы аффинирленген инвестициялық алтынды (бұдан әрі – ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтын) сату жүзеге асырылмайды.

Арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз аффинирленген құйма алтынды, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтынды сатып алу үшін Ұлттық Банкке жіберу мақсатында қабылдауды оларды сатып алу бойынша Ұлттық Банкпен шарттық қатынастары бар уәкілетті ұйымдар жүзеге асырады.

Жеке тұлғаның өтініші негізінде арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз аффинирленген құйма алтын, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтын сатып алу үшін Ұлттық Банкке жіберіледі.

Арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз аффинирленген құйма алтын, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтын қабылданған кезде, уәкілетті ұйым осындай алтынды сатып алу мақсатында Ұлттық Банкке жібергені үшін комиссиялық сыйақы алынатыны туралы жеке тұлғаға ескертеді.

Жеке тұлғаға аффинирленген құйма алтынды арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтынды қабылдау туралы еркін нысандағы жазбаша анықтама (бұдан әрі – жазбаша анықтама) беріледі. Жазбаша анықтамаға уәкілетті ұйымның (оның филиалының) басшысы немесе осындай өкілеттіктер берілген өзге тұлға қол қояды. Уәкілетті ұйым басшысының өкілеттіктерін арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз аффинирленген құйма алтынды, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтынды қабылдау туралы жазбаша анықтамаға қол қоюға беру уәкілетті ұйым басшысының бұйрығы негізінде ғана жүргізіледі.

Арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы орауы жоқ аффинирленген құйма алтынды, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтынды сатып алу сараптамасын және бағасын есептеуді Ұлттық Банк осындай құймаларды сатып алуға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде жүзеге асырады.

Уәкілетті ұйым Ұлттық Банкке арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз аффинирленген құйма алтынды, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтынды сатып алу мақсатында жібергені үшін аффинирленген құйма алтынның және (немесе) ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтынның номиналды құнының 10 (он) пайызынан аспайтын комиссиялық сыйақыны дербес белгілейді.»;

мынадай мазмұндағы 76-1-тармақпен толықтырылсын:

- «76-1. Уәкілетті ұйым Ұлттық Банкке сатып алу үшін жіберілген арнайы орауы ашылған және (немесе) арнайы ораусыз аффинирленген құйма алтынның, сондай-ақ ескі үлгідегі аффинирленген құйма алтынның құнын төлеуді Ұлттық Банк жүргізген сараптаманың оң нәтижелеріне байланысты Ұлттық Банктен оларды сатып алуға дайын екендігі туралы растауды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде комиссиялық сыйақыны шегергенде, жеке тұлғаға қолма-қол ұлттық валютада жүзеге асырады.»;

1, 2, 4-1, 9, 12 және 13-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

10-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

- «2.4-бағанда «Валюталар мен қорларды ұсынуға арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес валютаның үш таңбалы әріптік коды көрсетіледі.»;

15-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымшада:

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- «3. Нысанды уәкілетті ұйым (оның филиалы) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды есепке алу журналының есепті айдағы деректері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген, Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ай сайын жасайды. Уәкілетті ұйымның филиалы дербес Нысанды жасайды.



4. Теңгедегі деректерге арналған есеп айырысуларда Нысанды жасау кезінде Аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу тізілімінің тиісінше 7 және 10-бағандарында көрсетілген теңгемен операциялардың сомасы пайдаланылады.».

2. Уәкілетті ұйымдар осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін екі ай ішінде өз қызметін осы қаулының 1-тармағының қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы және елуінші абзацтарының талаптарына сәйкес келтірсін.
3. Уәкілетті банктер осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін екі ай ішінде өз қызметін осы қаулының 1-тармағының елуінші абзацының талаптарына сәйкес келтірсін.
4. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 5-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
5. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
7. Осы қаулының 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының үшінші, сексен бірінші, сексен екінші, сексен үшінші, сексен төртінші, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші және сексен тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 28 мамырда № 22867 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 24 мамыр № 51

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 8) тармақшасына және үшінші бөлігінің 4-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулыға алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

8 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 28 мамырда № 22868 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 24 мамыр № 52

**«Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) және 69) тармақшаларына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21015 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) және 69) тармақшаларына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

2-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

5-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

• «1) 4-бағанда Қазақстан Республикасының азаматтары үшін міндетті тәртіпте жеке сәйкестендіру нөмірі (12 цифрдан тұратын) және бар болса – шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін көрсетіледі;

2) 5-бағанда «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы заң) 6-бабы 3-тармағының ерекшеліктерін ескере отырып, Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы заңның 6-бабының 1-тармағында немесе Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21340 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 938 бұйрығымен бекітілген Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларына және күдікті операцияны айқындау белгілеріне (бұдан әрі – Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидалары) 5-қосымшамен бекітілген Жеке басты куәландыратын құжаттардың түрлері кодтарының анықтамалығында көзделген жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің атауы көрсетіледі;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

• «5) 8-бағанда «Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары» ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес жеке басты куәландыратын құжатқа сай азаматтығы елінің екі әріпті коды (азаматтығы жоқ адам үшін көрсетілмейді) көрсетіледі;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

• «8) 12-бағанда валюталардың әріпті кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;»;

3-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

6-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

• «1) 4-бағанда Қазақстан Республикасының азаматтары үшін міндетті тәртіпте жеке сәйкестендіру нөмірі (12 цифрдан тұратын) және бар болса – шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін көрсетіледі;

2) 5-бағанда «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы заң) 6-бабы 3-тармағының ерекшеліктерін ескере отырып, Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы заңның 6-бабының 1-тармағында немесе Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21340 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 938 бұйрығымен бекітілген Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларына және күдікті операцияны айқындау белгілеріне (бұдан әрі – Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидалары) 5-қосымшамен бекітілген Жеке басты куәландыратын құжаттардың түрлері кодтарының анықтамалығында көзделген жеке басты куәландыратын құжаттардың біреуінің атауы көрсетіледі;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

• «5) 8-бағанда «Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары» ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес жеке басты куәландыратын құжатқа сай азаматтығы елінің екі әріпті коды (азаматтығы жоқ адам үшін көрсетілмейді) көрсетіледі;»;

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

• «8) 12-бағанда валюталардың әріпті кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

9) 13-бағанда жеке тұлға азаматтығы тиесілі елінің мына кодтары көрсетіледі:

• «1» – жеке тұлғаның азаматтығы елі Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын мемлекеттер (аумақтар) тізбесіне енгізілген;

«2» – жеке тұлғаның азаматтығы елі оффшорлық аймақтар ретінде сипатталатын мына елдердің бірі болып табылады:

• Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдарының, Вайоминг штатының, Гуам аралының, Делавэр штатының және Пуэрто-Рико Достастығы аумақтары бөлігінде ғана);  
• Андорра Княздігі;  
• Антигуа және Барбуда мемлекеті;  
• Багам аралдарының Достастығы;  
• Барбадос мемлекеті;  
• Белиз мемлекеті;  
• Бруней Даруссалам мемлекеті;  
• Біріккен Танзания Республикасы;  
• Вануату Республикасы;  
• Гватемала Республикасы;  
• Гренада мемлекеті;





- Джибути Республикасы;
- Доминики Достастығы;
- Доминикан Республикасы;
- Жаңа Зеландия (Кука және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы;
- Гайана Кооперативтік Республикасы;
- Коста-Рика Республикасы;
- Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) арнайы әкімшілік ауданының аумағы бөлігінде ғана);
- Либерия Республикасы;
- Ливан Республикасы;
- Лихтенштейн Княздігі;
- Мавритания Ислам Республикасы;
- Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
- Мальдив Республикасы;
- Мальта Республикасы;
- Мариан аралдары;
- Маршалл аралдары Республикасы;
- Марокко Корольдігі (Танжер қаласының аумағы бөлігінде ғана);
- Мьянма Одағы;
- Науру Республикасы;
- Нигерия Федеративтік Республикасы;
- Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);
- Палау Республикасы;
- Панама Республикасы;
- Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- Самоа Тәуелсіз Мемлекеті;
- Сейшель аралдары Республикасы;
- Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті;
- Сент-Китс және Невис Федерациясы;
- Сент-Люсия мемлекеті;
- Суринам Республикасы;
- Тонга корольдігі;
- Тринидад және Тобаго Республикасы;
- Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (Ангилья аралдары, Бермуд аралдары, Британдық Виргин аралдары, Гибралтар, Кайман аралдары, Монтсеррат аралы, Теркс және Кайкос аралдары аумақтары бөлігінде ғана);
- Фиджи Егеменді Демократиялық Республикасы;
- Филиппин Республикасы;
- Француз Республикасы (Франциялық Гвиана және Франциялық Полинезия аумақтары бөлігінде ғана);
- Черногория Республикасы;
- Шри-Ланка Демократиялық Республикасы;
- Ямайка;

«3» – жеке тұлғаның азаматтық елі Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің резолюциясымен қабылданған оған қатысты халықаралық санкция (эмбарго) қолданған шетел мемлекеті (аумақ) болып табылады;

«4» – жеке тұлғаның азаматтық елі жеке тұлға елінің жоғарыда көрсетілген тиістілік кодтарына енгізілген ел болып табылмайды.

Егер жеке тұлғаның азаматтық елі жеке тұлға елінің екі немесе одан да көп тиістілік кодтарына енгізілсе, онда жеке тұлғаның азаматтық елі енгізілген барлық тиістілік коды көрсетіледі. Мысалы, егер елдің тиістілік коды «1» және «2» болса, онда «1, 2» көрсетіледі.

Азаматтығы жоқ адамдар үшін жоғарыда көрсетілген белгілерді көрсету талап етілмейді;»;

4-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

5-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

- «1) 4-бағанда Қазақстан Республикасының азаматтары үшін міндетті тәртіпте жеке сәйкестендіру нөмірі (12 цифрдан тұратын) және бар болса – шетелдіктер немесе азаматтағы жоқ адамдар үшін көрсетіледі;

2) 5-бағанда «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы заң) 6-бабы 3-тармағының ерекшеліктерін ескере отырып, Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы заңның 6-бабының 1-тармағында немесе Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21340 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 938 бұйрығымен бекітілген Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларына және күдікті операцияны айқындау белгілеріне (бұдан әрі – Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидалары) 5-қосымшамен бекітілген Жеке басты куәландыратын құжаттардың түрлері кодтарының анықтамалығында көзделген жеке басты куәландыратын құжаттардың біреуінің атауы көрсетіледі;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

- «5) 8-бағанда «Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары» ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес жеке басты куәландыратын құжатқа сай азаматтығы елінің екі әріпті коды (азаматтығы жоқ адам үшін көрсетілмейді) көрсетіледі;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

- «9) 12-бағанда валюталардың әріпті кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

- «11) 14, 15, 16 және 17-бағандарда үлестес тұлғамен мәміле жасалған күні жүргізілген барлық операциялар бойынша сатып алудың және (немесе) сатудың орташа сараланған, ең жоғары, ең төменгі бағамдары (бағасы) және тиісінше 11-бағанда көрсетілген операция түріне қарай үлестес тұлға үшін бағам (бағалы металдың бір граммы үшін бағасы) көрсетіледі;»;

6-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

- «2) 4-бағанда «Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1 бөлім. Елдердің кодтары» ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес заңды тұлға тіркелген елдің екі әріпті коды көрсетіледі;»;

5-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

5-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

- «1) 3 және 12-бағандарда «Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1 бөлім. Елдердің кодтары» ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес банк тіркелген елдің екі әріпті коды көрсетіледі;

2) 4 және 13-бағандарда банк елінің мынадай тиістілік кодтары көрсетіледі:

«1» – банк елі Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын мемлекеттер (аумақтар) тізбесіне енгізілген;

«2» – банк елі оффшорлық аймақтар ретінде сипатталатын мына елдердің бірі болып табылады:

- Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдарының, Вайоминг штатының, Гуам аралының, Делавэр штатының және Пуэрто-Рико Достастығы аумақтары бөлігінде ғана);
- Андорра Княздігі;



- Антигуа және Барбуда мемлекеті;
- Багам аралдарының Достастығы;
- Барбадос мемлекеті;
- Белиз мемлекеті;
- Бруней Даруссалам мемлекеті;
- Біріккен Танзания Республикасы;
- Вануату Республикасы;
- Гватемала Республикасы;
- Гренада мемлекеті;
- Джибути Республикасы;
- Доминика Достастығы;
- Доминикан Республикасы;
- Жаңа Зеландия (Кука және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы;
- Гайана Кооперативтік Республикасы;
- Коста-Рика Республикасы;
- Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) арнайы әкімшілік ауданының аумағы бөлігінде ғана);
- Либерия Республикасы;
- Ливан Республикасы;
- Лихтенштейн Княздігі;
- Мавритания Ислам Республикасы;
- Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
- Мальдив Республикасы;
- Мальта Республикасы;
- Мариан аралдары;
- Маршалл аралдары Республикасы;
- Марокко Корольдігі (Танжер қаласының аумағы бөлігінде ғана);
- Мьянма Одағы;
- Науру Республикасы;
- Нигерия Федеративтік Республикасы;
- Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);
- Палау Республикасы;
- Панама Республикасы;
- Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- Самоа Тәуелсіз Мемлекеті;
- Сейшель аралдары Республикасы;
- Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті;
- Сент-Китс және Невис Федерациясы;
- Сент-Люсия мемлекеті;
- Суринам Республикасы;
- Тонга корольдігі;
- Тринидад және Тобаго Республикасы;
- Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (Ангилья аралдары, Бермуд аралдары, Бри-тандық Виргин аралдары, Гибралтар, Кайман аралдары, Монтсеррат аралы, Теркс және Кайкос аралдары аумақтары бөлігінде ғана);
- Фиджи Егеменді Демократиялық Республикасы;
- Филиппин Республикасы;
- Француз Республикасы (Франциялық Гвиана және Франциялық Полинезия аумақтары бөлігінде ғана);
- Черногория Республикасы;
- Шри-Ланка Демократиялық Республикасы;
- Ямайка;

«3» – банк елі Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің резолюциясымен қабылданған оған қатысты халықаралық санкция (эмбарго) қолданған мемлекет (аумақ) болып табылады;

«4» – банк елі банк елінің жоғарыда көрсетілген тиістілік кодтарына енгізілген ел болып табылмайды.

Егер банк елі банк елінің екі немесе одан да көп тиістілік кодтарына енгізілсе, онда банк елі енгізілген барлық тиістілік кодтары көрсетіледі. Мысалы, егер елдің тиістілік коды «1» және «2» болса, онда «1, 2» көрсетіледі;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

- «7) 9-бағанда валюталардың әріпті кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;».

2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орын-басары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан

ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 29 маусымда № 23208 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 21 маусым № 60

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 және «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 26 қарашадағы № 211 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

• «13-1) осы қаулыға 13-1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жұмысшыларына (отбасы мүшелеріне) зейнетақы және зейнетақы жинақтары бойынша төлемдер көлемі туралы есеп нысаны;»;

2-тармақта:

• 1) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

• «3) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 13-1) және 20) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.»;

3-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

• «5. 2-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына (ӘАОС) сәйкес облыстың (қаланың) коды көрсетіледі.»;

13-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес 13-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 211 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19672 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 27-1), 27-2) және 27-3) тармақшалармен толықтырылсын:

• «27-1) осы қаулыға 27-1-қосымшаға сәйкес сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

27-2) осы қаулыға 27-2-қосымшаға сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

27-3) осы қаулыға 27-3-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігінің коэффициенттері туралы есептің нысаны;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

• «2. Инвестициялық портфельді басқару қызметін (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы), бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті (бұдан әрі – брокерлер және (немесе) дилерлер) жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) осы қаулыға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқарушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17, 18 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 13, 14 және 27-2-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 27, 27-1 және 27-3-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы қаулыға 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 19, 22 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 20, 21, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын қосымша ұсынады.

Бірыңғай оператор Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 24, 25, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 30, 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42 және 43-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53 және 54-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.



Клиринг ұйымы Ұлттық Банкке осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.

Клиринг ұйымы Ұлттық Банкке осы қаулыға 56, 57 және 58-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы және Ұлттық пошта операторы Ұлттық Банкке осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 6 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы жоқ брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 16-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Дауыс беретін акцияларының жалпы санынан кемінде жиырма бес пайызы Ұлттық Банкке тиесілі сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 52, 53 және 54-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Ұлттық Банкке осы қаулыға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқарушы осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларда белгіленген нысандарды толтыру кезінде сенімгерлік басқаруға берілген Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін көрсетпейді.»;

1-қосымшада:

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесі мынадай мазмұндағы 26-1), 26-2) және 26-3) тармақшалармен толықтырылсын:

- «26-1) Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;

26-2) Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;

26-3) Зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп;»;

2-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «11. 9 және 14-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;

3-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «7. 7-бағанда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;

4-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «6. 5-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;

6-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «9. 6-бағанда қарыз немесе дебиторлық берешек валютасы көрсетіледі. Валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;

8-қосымшада:

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

6-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «6) 9 және 11-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;

7-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «3) 7 және 8-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «3) 5-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;

11-қосымшада:

титулдық парақта «Ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры» деген сөздер «Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, сенімгерлік басқарушы» деген сөздермен ауыстырылсын;

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «3. Нысанды ерікті зейнетақы қоры, сенімгерлік басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезеңге толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.»;

12-қосымшада:

титулдық парақта «Ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры» деген сөздер «Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, сенімгерлік басқарушы» деген сөздермен ауыстырылсын;

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «3. Нысанды ерікті зейнетақы қоры, сенімгерлік басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезеңге толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.»;

5-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

- «2) 3-бағанда экономикалық қызмет түрі ҚР ҰС 03-2019 экономикалық қызмет түрлерінің ортақ сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Осы баған Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады.»;





3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын касто-диан-банк ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысан-дағы деректер теңгемен толтырылады.»;

34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42 және 43-қосымшалар осы қаулыға б-қосымшаға сәйкес редакцияда жазыл-сын;

59-қосымшада:

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттардың, бірыңғай оператордың есептілікті ұсыну қағидаларында:

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «3. Ұйымның бірінші басшысының, Ұйымның бас бухгалтерінің немесе Ұйымның есебіне қол қоюға уәкілетті тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық фор-маттағы есептілік Ұйымның ақпараттық жүйесінде сақталады.»;

4-тармақ алып тасталсын.

3. Қаржы нарығы статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңна-масында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет мини-стрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интер-нет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 7-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді бас-пасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орын-басары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа ен-гізіледі.

ҚР Әділет министрлігінде

2021 жылы 30 маусымда № 23217 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 21 маусым № 64

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жой-ылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақы-лау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұты-нушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 8-тармағы 2) тармақшасының оныншы абзацына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қау-лыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет мини-стрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интер-нет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орын-басары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа ен-гізіледі.



\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

ҚР Әділет министрлігінде  
2021 жылы 7 шілдеде № 23325 тіркелдіҚазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
2.09.2021 ж. № 24195 тіркелді**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 21 маусым № 66

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 90 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 90 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13675 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұйымдастыру жұмысы және бақылау департаменті (Р.К. Ахметова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 25 тамыз № 70

**«Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 42-бабының 3-тармағына және 54-бабының 1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
  - 3-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  - 4-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  - 18-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  - 19-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қаржы нарығы статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
3.09.2021 ж. № 24225 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 25 тамыз № 73

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 74) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7996 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдіктер Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына:

- 1) конкурстан тыс;
- 2) конкурс арқылы орналасады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «6. Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына орналасу міндетті арнайы тексеруден өткеннен кейін және тұрғылықты жері бойынша салық органына Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген нысан бойынша декларацияны және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мәліметтерді тапсырған соң жүзеге асырылады.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Конкурса қатысуға ниет білдірген адамдар кадр қызметіне қағаз тасымалдағышта және (немесе) электрондық-цифрлық нысанда мына құжаттарды:

- 1) фотосуреті бар түйіндемені (нақты тұрғылықты жерінің мекенжайын және телефондарын, оның ішінде байланыс телефондарын, білімі, жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтерді көрсете отырып);
- 2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнаманы;
- 4) білім туралы құжаттардың нотариат куәландырылған көшірмелерін ұсынады.  
Шет мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған кезде білімі жөніндегі құжатты Қазақстан Республикасының аумағында тану туралы куәліктің көшірмесі қоса беріледі;
- 5) нотариат куәландырылған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін (Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде ақпарат болмаған кезде);
- 6) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.».

2. 2. Адам капиталын дамыту департаменті (Ш.Т. Тоқбергенова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ интернет-ресурсында орналасқан



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
24.09.2021 ж. № 24507 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 20 қыркүйек № 77

### «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18220 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспесі және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

9 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы





«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1. Мыналар:**

- 1) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілік тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес кредиттік тарих субъектісі туралы есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес қамтамасыз ету туралы есептің нысаны;
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есептің нысаны;
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есептің нысаны;
- 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

- 1) осы қаулының 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген есептерді деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;
- 2) осы қаулының 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген есептерді мынадай кезеңділікпен есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы жұмыс күніне (қоса алғанда) дейін:

екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, ипотекалық ұйымдар болып табылатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы – ай сайын;

ипотекалық ұйым болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымын қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары болып табылатын, уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар – тоқсан сайын ұсынады.»;

- 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 8, 9 және 10-қосымшалар алып тасталсын.

**2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:**

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны 11 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

10. «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

11. «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

**3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.****4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.**

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ интернет-ресурсында орналасқан



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
5.10.2021 ж. № 24614 тіркелді

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 20 қыркүйек № 79

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 115 бірлескен қаулысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 679 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

«Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптардың 5-тармағының 1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы үшінші бөлігінің 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі **БҰЙЫРАДЫ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 115 бірлескен қаулысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 679 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21466 болып тіркелген, 2020 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулымен және бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар осы бірлескен қаулы мен бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қауіпсіздік департаменті (Д.Н. Молдахметов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:**

- 1) Ұлттық Банктің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулы мен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бірлескен қаулы мен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;



- 3) осы бірлескен қаулы мен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің Заң департаментіне осы бірлескен қаулы мен бұйрықтың осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы бірлескен қаулы мен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде олардың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
- 4. Осы бірлескен қаулы мен бұйрықтың орындалуын бақылау Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Бірінші орынбасары М.Ш. Қожаевқа жүктелсін.
- 5. Осы бірлескен қаулы мен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
25.11.2021 ж. № 25383 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 қараша № 98

### «Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 және «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 19) және 29) тармақшаларына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) және 7) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14292 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 29) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- «1. Осы Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 29) тармақшасына, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген «Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар пайдаланылады:

- 1) банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары (бұдан әрі – банкаралық төлемдер) – төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша банкаралық төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының бір қатысушысының осы қатысушыға қызмет көрсету желісінде басқа қатысушының пайдасына жүзеге асыратын төлемдері және (немесе) ақша аударымдары;
- 2) банкаралық төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушы (бұдан әрі – қатысушы) – төлем карточкасының эмитенті және (немесе) эквайер болып табылатын екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалы және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі – банк);
- 3) қаржылық хабар – төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған операция бойынша банкаралық төлем жүргізу үшін қажетті ақпараттан тұратын және бір қатысушының басқа қатысушыға қатысты ақшалай міндеттемелерін (талаптарын) білдіретін төлем құжаты;
- 4) қатысушының таза позициясы – басқа қатысушылардың осы қатысушыға қатысты ақшалай міндеттемелері бойынша қатысушы ұсынған қаржылық хабарлар сомасы мен басқа қатысушылар осы қатысушының басқа қатысушыларға қатысты ақшалай міндеттемелері бойынша ұсынған қаржылық хабарлар сомасы арасындағы айырма. Егер айырма – теріс сан болса, онда қатысушының дебеттік таза позициясы бар, егер оң сан болса, онда кредиттік таза позициясы бар болады;
- 5) оператор – қатысушымен жасалған шартқа сәйкес банкаралық төлемдерді ұйымдастыру жөніндегі процессингтік ұйымның хабарларды маршруттауды, авторландыруды және банкаралық төлемдер клирингін (бұдан әрі – клиринг) жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты функцияларын қоса алғанда, төлем жүйесінің немесе төлем карточкалары жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;
- 6) төлем карточкалары жүйелерінің арнасы – төлем карточкалары жүйелерімен жасалған шарттарға сәйкес қатысушылар арасында хабарларды маршруттау тәсілі;
- 7) төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша хабарларды маршруттау (бұдан әрі – хабарларды маршруттау) – банкаралық төлемдер жөніндегі хабарлардың қатысушылар арасында жүру және берілу маршрутын айқындау процесі;
- 8) төлем карточкаларының банкаралық жүйесі – қатысушылар арасында хабарларды маршруттауға және клирингке арналған төлем жүйесі;
- 9) төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің операциялық орталығы (бұдан әрі – операциялық орталық) – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- 10) тікелей банкаралық өзара іс-қимыл арнасы – екі қатысушының немесе олардың процессингтік ұйымдарының арасында жасалған төлемдерге қызмет көрсету туралы шарттарға сәйкес олардың арасындағы ақпараттық-технологиялық қосылу;
- 11) хабар – оператор не операциялық орталық және қатысушы арасында ақпарат алмасу үшін пайдаланылатын ақпараттық деректер тобы;
- 12) халықаралық төлем карточкалары жүйесі – қатысушылары банктер, ал операторы шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын үш және одан да көп елдің аумағында осы жүйе шеңберінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шетелдік төлем жүйесі.»;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:



- «10. Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің арнасы операциялық орталық пен қатысушы арасында жасалған шарт негізінде банктер шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын операциялар бойынша банкаралық төлемдерді жүргізу үшін пайдаланылады.

Операциялық орталық халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған операциялар бойынша хабарларды маршруттауды, авторландыруды және клирингті операциялық орталықтың халықаралық төлем карточкалары жүйесінің операторымен жасасқан шартының талаптарына және халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

11. Төлем карточкалары жүйелерінің арнасы:

- 1) төлем карточкалары жүйесінің ішкі құжаттарына және төлем карточкалары жүйесінің операторы немесе операциялық орталық пен қатысушы арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес банкаралық төлемдерді жүзеге асырған;
- 2) авторландыруды алу үшін хабарларды маршруттау кезінде пайдаланылады.

Халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің арнасы:

- 1) төлем карточкаларын, оның ішінде халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің ішкі құжаттарына сәйкес банктер шығарған халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде;
- 2) халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің ішкі құжаттарына сәйкес шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар шығарған халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында;
- 3) операциялық орталықтың халықаралық төлем карточкалары жүйесінің операторымен жасасқан шартының талаптарына сәйкес жасалған операциялар бойынша банкаралық төлемдерді жүзеге асыру кезінде пайдаланылады.»

2. «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14306 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 19) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

- Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
- Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
27.11.2021 ж. № 25437 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 қараша № 99

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.
- Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
- Осы қаулы мыналарды:
  - 1) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 7-тармағының тоқсаныншы - тоқсан алтыншы абзацтарын;
  - 2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 7-тармағының бір жүз он бірінші – бір жүз он үшінші абзацтарын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
4.12.2021 ж. № 25548 тіркелдіҚазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
4.12.2021 ж. № 25547 тіркелді**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 25 тамыз № 100

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63), 64) және 65) тармақшаларына, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулылары тізбесінің 1-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 қараша № 101

**«Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 1-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ:**

1. «Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – биржа) шетел валюталарымен сауда-саттық жүргізетін жұмыс күндері, мынадай тәртіппен күнделікті айқындалады:

- 1) Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ) доллары бойынша валюта айырбастаудың нарықтық бағамы теңгенің АҚШ долларына қатысты Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 15-30-дағы жағдай бойынша қалыптасқан орташа алынған биржалық бағамы ретінде айқындалады;
- 2) басқа шетел валюталары бойынша валюталарды айырбастаудың теңгеге қатысты нарықтық бағамы АҚШ долларының теңгеге қатысты нарықтық бағамы және осы валюталардың ақпараттық агенттіктердің арналары бойынша алынған сұраныстың баға белгіленімдеріне сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 16-00-дегі жағдай бойынша қалыптасқан АҚШ долларына бағамдарын пайдалана отырып есептелген кросс-бағам ретінде айқындалады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі биржада сауда-саттық жүргізілген күні осы тармақта белгіленген тәртіппен айқындалған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7977 болып тіркелген «Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына (бұдан әрі – Ресми бағамдар жөніндегі қаулы) қосымшада көрсетілген шетел валюталарының теңгеге қатысты бағамдарын белгілейді.

Ресми бағамдар жөніндегі қаулыға қосымшада көрсетілмеген айырбасталатын валюталардың нарықтық бағамдарын ұйымдар осы тармақта белгіленген тәртіппен дербес айқындайды. АҚШ долларының теңгеге қатысты нарықтық бағамы белгіленген күні Файнэншл Таймс (Financial Times) газетінде немесе оның интернет-ресурсында, сондай-ақ Блумберг (Bloomberg) не РЕЙТЕР (REUTERS) ақпараттық порталдарында жарияланған шетел валютасының АҚШ долларына бағамын пайдалануға болады.»

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «3. Қаржы ұйымдары (қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамы, акционерлік инвестициялық қорлар, арнайы қаржы компаниялары, исламдық арнайы қаржы компаниялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және акцияларының елу және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) немесе акцияларының бақылау пакеті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғалар бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті және бухгалтерлік есеп деректері бойынша

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

есептілікті қалыптастыру мақсатында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қайта саналуы тиіс активтер мен міндеттемелерді қайта санауды биржада сауда-саттық жүргізілген күннің соңында осы бұйрықтың және қаулының 1-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
25.11.2021 ж. № 25380 тіркелді

Қалған ұйымдар қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қайта санауға жататын активтер мен міндеттемелерді қайта санауды осы бұйрықтың және қаулының 1-тармағында белгіленген тәртіппен, сауда-саттық жүргізілген есепті кезеңнің соңғы күніне айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын жабу бағамы ретінде пайдалана отырып есепті күні жүзеге асырсын.

Қаржы ұйымдары (қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамы, акционерлік инвестициялық қорлар, арнайы қаржы компаниялары, исламдық арнайы қаржы компаниялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және акцияларының елу және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) немесе акцияларының бақылау пакеті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғалар осы бұйрықтың және қаулының 1-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып бухгалтерлік есепті жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйесі болған жағдайда, бухгалтерлік есепті жүргізу мақсаттары үшін осы бұйрықтың және қаулының 1-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын биржада сауда-саттық жүргізілген күні және күннің соңында қайта санауды жүзеге асырмастан келесі жұмыс емес күндері пайдалана алады.»

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулы мен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы мен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы мен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы мен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 22 қараша № 105

### «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 86 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы үшінші бөлігінің 7) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 86 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20972 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:
  - 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
    - «5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.»
  2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
    - Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
    - осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
    - осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
  3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
  4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
24.12.2021 ж. № 26011 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 20 желтоқсан № 111

### «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-3-бабының 1-1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10117 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-3-бабының 1-1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

1, 2, 3, 4 және 4-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес активтер мен шартты міндеттемелердің құрылымы туралы есептің нысаны;
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес қарыздар, оның ішінде жан-жақты көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар туралы есеп;
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар құрылымы туралы есептің нысаны;
- 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес салымдар, ағымдағы және корреспонденттік шоттар туралы есептің нысаны;
- 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;
- 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы мәмілелер туралы есептің нысаны;

- 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есептің нысаны;
- 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебінің нысаны;
- 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес қолма-қол ақшамен операциялар туралы есептің нысаны;
- 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Ипотекалық ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық форматта осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті ұсынады.

3. Ұлттық пошта операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

- 1) осы қаулының 1-тармағының 2) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;
- 2) осы қаулының 1-тармағының 3), 4), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей;
- 3) осы қаулының 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген есептілікті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей ұсынады.

4. Ұлттық пошта операторын қоспағанда, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он сегізінші күнінен кешіктірмей электрондық форматта осы қаулының 1-тармағының 7) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті ұсынады.

4-1. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық форматта осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 4-2-тармақпен толықтырылсын:

«4-2. Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей электрондық форматта осы қаулының 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген есептілікті ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 4-3-тармақпен толықтырылсын:

«4-3. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей электрондық форматта осы қаулының 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген есептілікті ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 4-4-тармақпен толықтырылсын:

«4-4. Ипотекалық ұйымдар, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген желтоқсан айы үшін (қорытынды айналымдар ескеріле отырып) қосымша есептерді (оның ішінде есепті айда қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.»;

Ұлттық пошта операторы осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген желтоқсан айы үшін (қорытынды айналымдар ескеріле отырып) қосымша есепті (оның ішінде есепті айда қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

Ұлттық пошта операторы осы қаулының 1-тармағының 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген төртінші тоқсан үшін (қорытынды айналымдар ескеріле отырып) қосымша есептерді (оның ішінде есепті айда қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.»;

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
27.12.2021 ж. № 26133 тіркелді

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «5. Осы қаулы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамына және сауда-саттықты ұйымдастырушыға қолданылмайды.»;
- 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 8-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 9-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 10-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 11-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 11-1-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 11-2-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 12-қосымша алып тасталсын.

2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулының 12 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының он жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы және қырық жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

12. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 20 желтоқсан № 112

### «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19710 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есептің нысаны;
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар мен салымдардың талдамасы туралы есептің нысаны;
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есептің нысаны;
- 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;
- 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес микрокредиттер, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы, сондай-ақ резервтердің (про-визиялардың) мөлшері туралы есептің нысаны;
- 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған мүлкті кепілге қоя отырып берілген, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есептің нысаны;
- 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес есепті кезеңде берілген қарыздар бойынша өзгерістер туралы есептің нысаны;
- 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес пайдалану бағыттары бойынша микрокредиттер туралы есептің нысаны;
- 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті табыс ету қағидалары бекітілсін.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «2. Микроқаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырманшы күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

Кредиттік серіктестіктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (кредиттік серіктестіктің орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 5), 6), 7), 8), 10) және 11) тармақ-

шаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

• Ломбардтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (ломбардтың орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 5), 6), 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады.»

- 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 8-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 9-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 10-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес 11-қосымшамен толықтырылсын;
- осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес 12-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулы 13 ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

13. «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
24.12.2021 ж. № 26008 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 20 желтоқсан № 113

**«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 және «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 59) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

- «1. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) 15-бабы екінші бөлігінің 59) тармақшасына, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) 5-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және резиденттер мен бейрезиденттердің Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.»;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

- «8-1. Уәкілетті банк Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банктің орталық аппаратына валюталық, оның ішінде клиенттің тапсырмасы бойынша жүргізілген, сомасы баламасында 50 000 (елу мың) АҚШ долларына тең немесе одан асатын операциялар бойынша, сондай-ақ клиенттің тапсырмасы бойынша шетел валютасын сатып алу және сату операциялары бойынша сомаға қарамастан, жүргізілген валюталық операциялар туралы есепті ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 18 (он сегізінші) күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізген кезде резидент немесе бейрезидент уәкілетті банкке мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ЖСН қамтылған жеке басты куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисі арқылы жеке басты растайтын (сәйкестендіретін) деректер.



- Уәкілетті банк «электрондық үкімет» веб-порталындағы пайдаланушы кабинетінен ұсынылған иеленушінің келісімі болған кезде, сондай-ақ «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген иеленушінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру жолымен немесе «электрондық үкімет» веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабар жіберу жолымен цифрлық құжаттар сервисінен деректерді пайдаланады;
- 2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжат (бар болса) (жеке тұлға – шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам үшін);
- 3) Ұлттық Банктің банктік және өзге операцияларын жүргізуге лицензиясы (бар болса);
- 4) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын не олардың негізінде орындалуы қажетті құжаттардың көшірмелері;
- 5) валюталық шарт немесе оның көшірмесі. Есептік нөмірін алу талабы қолданылатын валюталық шарт немесе оның көшірмесі есептік нөмірді алғаны туралы белгімен ұсынылады (Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін есептік нөмір берілген валюталық шарт үшін);
- б) тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік алынған және есептік нөмір берілмеген капитал қозғалысы жөніндегі есептік тіркеуге жататын валюталық шарттар немесе шетелдік банктердегі шоттар үшін.

Валюталық шартты ұсыну мынадай жағдайларда:

егер валюталық операция бойынша ақша аударымы Қазақстан Республикасының шегінде резидент-жеке тұлғалар арасында немесе бейрезидент-жеке тұлғалар арасында жүзеге асырылса және өтеусіз болып табылса;

егер валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомада жүзеге асырылса және төлемнің және (немесе) ақша аударымының жөнелтушісі немесе бенефициары жеке тұлға, шетелдік заңды тұлғаның филиалы және (немесе) өкілдігі немесе бейрезидент-заңды тұлға болып табылса;

егер валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомада жүзеге асырылса және резидент-заңды тұлға (төлемнің және (немесе) ақша аударымының жөнелтушісі және (немесе) бенефициары) осындай төлемнің және (немесе) ақша аударымының есептік нөмір беру талап етілетін валюталық шартты орындауға байланысты емес екені туралы жазбаны жасаса немесе растаса;

егер валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жеке тұлға шетелдік банктегі өзінің банктік шотына (өзінің банктік шотынан) жүзеге асырса талап етілмейді.

Резидент-үшінші тұлға резиденттің және (немесе) бейрезиденттің міндеттемелерін орындау есебіне уәкілетті банк арқылы жүргізетін валюталық операция бойынша төлемге және (немесе) ақша аударымына осындай төлем және (немесе) ақша аударымы негізінде жүзеге асырылатын валюталық шарттан туындамаса, резидент-үшінші тұлға мен төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын тұлға арасындағы өзара міндеттемелердің сипатын айқындайтын шарт ұсынылған жағдайда жол беріледі. Егер валюталық шарттардың кез келгеніне есептік нөмір алу талабы қолданылатын болса, онда есептік нөмір беру туралы белгісі бар валюталық шарттың көшірмесі немесе тіркеу куәлігінің көшірмесі немесе хабарлама туралы куәліктің көшірмесі ұсынылады.

Егер валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын резидент-жеке тұлға жұбайының (зайыбының) немесе жақын туысының міндеттемелерін орындау есебіне жүзеге асырса, онда валюталық шарт ретінде ақша жөнелтуші міндеттемелерін орындау есебіне төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын жеке тұлғаның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы болып табылатынын растайтын құжат ұсынылады.»;

1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18539 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 60) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

- «1. Осы Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 60) тармақшасына, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) 5-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «15. Уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкері экспорттаушы немесе импорттаушы қажетті құжаттарды берген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу журналында тіркейді.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт түпнұсқасының немесе көшірмесінің бірінші немесе соңғы парағында уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкерінің қойған қолымен расталып, тегі мен инициалдары көрсетіле отырып, есептік нөмірі, оны берген күн, уәкілетті банктің немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының атауы, экспорттаушы немесе импорттаушы туралы мәліметтер көрсетіледі. Есептік нөмір берілгені туралы белгі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт көшірмесінің бір данасы уәкілетті банкте (оның филиалында) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалында қалады.

Электрондық құжат айналымы кезінде экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың электрондық көшірмесін ұсынады. Уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкері ішкі актіде белгіленген тәртіппен электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған есептік нөмір береді және экспорттаушыға немесе импорттаушыға экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілгені туралы еркін нысанда хабарлайды.»;

1, 3, 4, 6, 7, 13, 14 және 15-қосымшалар осы қаулыға 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Төлем балансы департаменті (А.Б. Өскенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулының 14 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

14. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 және «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
24.12.2021 ж. № 26007 тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 20 желтоқсан № 115

### «Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 223 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8800 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- «Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «1. Қоса беріліп отырған Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларында:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- «Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидалары»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

- «Осы Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 62) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі – банктер), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарында клиенттердің металл шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындайды.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) аллокирленбеген металл шоты – банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы аффинирленген бағалы металдардың жеке белгілерін көрсетпестен оларды есепке алу, сондай-ақ аффинирленген бағалы металдарды қолма-қол емес (заттай емес) нысанда қабылдау, орналастыру және сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін ашатын металл шоты;
- 2) аллокирленген металл шоты – клиент банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалына жауапты сақтауға берген аффинирленген бағалы металдарын заттай нысанда жеке белгілерін сақтай отырып есепке алу үшін банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы ашатын металл шоты;
- 3) аффинирленген бағалы металдар – өңдеуден өткен және қоспалар мен қосалқы құрамдас бөліктерден тазартылған, Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондон платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына және/немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде белгіленген сапа стандарттары мен талаптарына және/немесе шығарылған елдің сапа стандарттары мен техникалық талаптарына сәйкес келетін сапаға жеткізілген бағалы металдар, сондай-ақ алтын

мен күміс үшін бағалы металдың массалық үлесі кемінде 99,99 пайыз болатын бағалы металдардан жасалған монеталар;

- 4) бағалы металдар – кез келген күйдегі және түрдегі алтын, күміс, платина және платина тобының металдары (палладий, иридий, родий, рутений, осмий);
- 5) бағалы металдың лигатуралық массасы – қоспаларымен бірге бағалы металдан тұратын құйманың нақты жалпы массасы;
- 6) клиенттер – металл шоты шартын жасаған жеке және заңды тұлғалар;
- 7) металл шоты – банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы мен клиент арасында аффинирленген бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыру жөніндегі шарттық қатынастарды көрсету тәсілі;
- 8) өлшеуіш құйма – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде белгіленген талаптарға сәйкес келетін не шетелде өндірілген, шығарылған елдің заңнамасына сәйкес дайындалған, таңбаланған және сертификатталған, массасы 1000 грамнан аспайтын және алтын мен күміс үшін бағалы металдың массалық үлесі кемінде 99,99 пайыз және платина мен палладий үшін 99,95 пайыз болатын құйма;
- 9) стандартты құйма – тазарту кезеңінен өткен және:
- Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде белгіленген талаптарға не Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондон платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтардың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өндірген құймалар;
- шығарылған елдің заңнамасына не Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондон платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес дайындалған, таңбаланған және сертификатталған және осы қауымдастықтардың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген шет елде өндірілген құймалар түрінде берілген бағалы металл құймасы;
- 10) таңба – бағалы металл құймасын дайындаушының/өндірушінің белгісі;
- 11) химиялық таза масса – қоспаларды есептемегенде бағалы металдың құймадағы массасы.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

- «2. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы мен клиент арасында металл шоты шарты жасалған кезде металл шоттары ашылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «4. Клиентпен металл шоты шарты банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тиісті тексеру жөніндегі шараларды қабылдағаннан кейін жасалады.»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- «5. Металл шотты ашу банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы белгілеген нысан бойынша клиенттің металл шотын ашу туралы өтінішінің негізінде металл шоттың әр түрі бойынша жеке жүзеге асырылады.»;

6. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы металл шотты ашу туралы өтінішті 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «8. Банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалдары стандартты және өлшеуіш құймалар, монеталар түрінде және металл шоты шартында көзделген өзге нысандарда аффинирленген бағалы металдармен металл шоттары бойынша операцияларды жүргізеді.»;

14-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

- «14. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы аллокирленген металл шотының шарты бойынша клиентке мынадай қызмет түрлерін ұсынады.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «16. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы аллокирленген металл шотына клиенттен заттай нысанда қабылдаған аффинирленген бағалы металдар банктің, Қазақстан Республи-



касының бейрезидент-банк филиалының меншігі болып табылмайды және банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалы өз атынан және өз есебінен операцияларды жүзеге асыру үшін орналастырмайды.»;

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде  
27.12.2021 ж. № 26123 тіркелді

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «20. Аллокирленбеген металл шоттары бойынша аффинирленген бағалы металдарды аударумен байланысты операцияларды жүзеге асыру үшін банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалы бір-біріне аллокирленбеген металл шоттарын ашады.»;

22-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

- «22. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалы аллокирленбеген металл шотының шарты бойынша клиентке мынадай қызмет түрлерін ұсынады.»;

23-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- «3) клиентке сатылған немесе банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалы сатып алған аффинирленген бағалы металдарды есепке алу жолымен жүзеге асырылады.».

2. Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті (Б.М. Ирралимов) Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны 15 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан

15. Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 223 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жылғы 20 желтоқсан № 118

### «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

б-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«б. Мына:

- 1) оларға қатысты қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған күнінен үш жыл өтпеген уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылатын тұлғаларды;
  - 2) оларға қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкерінің лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаларды;
  - 3) КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі тұлғаларды;
  - 4) мынадай оффшорлық аймақтар ретінде сипатталатын шет мемлекеттердің бірінде және (немесе) шет мемлекеттер аумақтарының бөліктерінде тіркелген тұлғаларды:
- Америка Құрама Штаттары (Америкалық Виргин аралдары, Вайоминг штаты, Гуам аралы, Делавэр штаты және Пуэрто-Рико Достастығы аумақтары бөлігінде ғана);
  - Андорра Князьдігі;
  - Антигуа және Барбуда мемлекеті;
  - Багам аралдары Достастығы;
  - Барбадос мемлекеті;
  - Белиз мемлекеті;
  - Бруней Даруссалам мемлекеті;
  - Біріккен Танзания Республикасы;
  - Вануату Республикасы;
  - Гватемала Республикасы;
  - Гренада мемлекеті;
  - Джибути Республикасы;
  - Доминика Достастығы;
  - Доминикан Республикасы;
  - Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
  - Испания (Канар аралдары аумағының бөлігінде ғана);
  - Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы;
  - Гайана Кооперативтік Республикасы;
  - Коста-Рика Республикасы;
  - Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) арнайы әкімшілік ауданының аумақтары бөлігінде ғана);
  - Либерия Республикасы;
  - Ливан Республикасы;



- Лихтенштейн Князьдігі;
- Мавритания Ислам Республикасы;
- Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
- Мальдив Республикасы;
- Мальта Республикасы;
- Мариан аралдары;
- Маршалл Аралдары Республикасы;
- Марокко Корольдігі (Танжер қаласы аумағының бөлігінде ғана);
- Мьянма Одағы;
- Науру Республикасы;
- Нигерия Федеративтік Республикасы;
- Нидерланды (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);
- Палау Республикасы;
- Панама Республикасы;
- Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- Самоа Тәуелсіз Мемлекеті;
- Сейшел Аралдары Республикасы;
- Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті;
- Сент-Китс және Невис Федерациясы;
- Сент-Люсия мемлекеті;
- Суринам Республикасы;
- Тонга Корольдігі;
- Тринидад және Тобаго Республикасы;
- Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі (Ангилья аралы, Бермуд аралдары, Британдық Виргин аралдары, Гибралтар, Кайман аралдары, Монтсеррат аралы, Теркс және Кайкос аралы аумақтары бөлігінде ғана);
- Фиджи Егеменді Демократиялық Республикасы;
- Филиппин Республикасы;
- Француз Республикасы (Француз Гвианасы мен Француз Полинезиясы аумақтары бөлігінде ғана);
- Черногория Республикасы;
- Шри-Ланка Демократиялық Республикасы;
- Ямайка;
- 5) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган ҚЖТҚҚ туралы заңның 4-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасайтын ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген тұлғаларды;
- 6) құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген офшорлық аймақтар ретінде сипатталатын шет мемлекеттердің бірінде және (немесе) шет мемлекеттер аумақтарының бөліктерінде тіркелген заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган ҚЖТҚҚ туралы заңның 4-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасайтын ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткіліксіз орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген тұлғалар болып табылатын заңды тұлғаларды;
- 7) қолданыстағы лицензияны және лицензияға қолданыстағы қосымшаны (қолданыстағы қосымшаларды) ерікті түрде қайтару себебінен оған қатысты Ұлттық Банк бастаған тексеру аяқталмаған күнінен үш жыл өтпеген уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болған тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті және бейрезиденті жеке және заңды тұлғалар уәкілетті ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылады.»;

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Мына:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) ҚЖТҚҚ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі;
- 3) оған қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар адам уәкілетті ұйымның (оның филиалының) басшысы болып тағайындалмайды.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Айырбастау пунктін (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) үй-жайына, жабдығына, қызметкерлеріне қойылатын талаптар:

- 1) айырбастау пунктін үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20075 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында белгіленген талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;
- 2) айырбастау пунктін операциялық кассасы бейне деректер архивінің резервтік көшірмесін жасауды және архивті жою мен редакциялаудан қорғауды қамтамасыз ететін техникалық құрылғыларда күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде ақпаратты жазу мен сақтауды қамтамасыз ететін бейнебақылау жүйесімен жабдықталады, бұл ретте бейнебақылаудың көріну аймағында кассирдің жұмыс аймағы мен клиент болады, ал тиісті құрылғылар бейнебақылау үшін кедергілердің болмауын қамтамасыз ететін орындарда орнатылады;
- 3) кассирдің жұмыс орны Қағидалардың талаптарына сәйкес айырбастау операцияларының есебін жүргізу үшін аппараттық-бағдарламалық кешенмен не бақылау-касса аппаратымен және бағдарламалық қамтамасыз етумен, сондай-ақ банкнотты ультракүлгін жарықпен тексеруді (қағаздың люминесценциясын бақылау және өзге) және банкнотты магниттік белгілердің болуына тексеруді қамтамасыз ететін ақша белгілерінің түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдармен жабдықталады;
- 4) қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткен не қолма-қол шетел валютасымен кемінде алты ай жұмыс тәжірибесі бар кассир болуға тиіс.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «41. Айырбастау пункттерінің операциялық кассаларының үй-жайларында бөгде адамдардың болуына рұқсат етілмейді.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның қызметіне жатпайтын ақша мен басқа заттар арнайы бөлінген бөлмеде немесе айырбастау пунктіннің операциялық кассасының үй-жайынан тыс орналасқан шкафтарда сақталады.»;

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «51. Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан асатын сомаға айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында:

клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі);

клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі;

клиенттің заңды мекенжайы тіркеледі.

Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан аспайтын сомаға айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін тізілімдер журналында тіркеу клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректері негізінде жүзеге асырылады.»;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



- «53. КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабында көзделген немесе Қағидалардың 51-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес клиенттің жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректер ұсынылмаған жағдайларды қоспағанда, айырбастау операцияларын жүргізу кезінде айналыстағы ақша белгілерін номиналы және эмиссия жылдары бойынша қабылдауда шектеулер белгіленбейді, сондай-ақ айырбастау пунктінде айырбастау операциясын жүргізу үшін қажетті сомада қолма-қол шетел валютасы және қолма-қол ұлттық валюта болған кезде жеке тұлғаларға айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылмайды.

Жеке тұлғаға айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату бағамдары белгіленген қолма-қол ұлттық немесе қолма-қол шетел валютасының болмауы себебінен айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылған кезде, айырбастау пунктінде кассирі жеке тұлғаның талабы бойынша айырбастау пунктінде жоқ валютаның түрі мен сомасын, анықтама берілген күнді және уақытын көрсете отырып, еркін нысандағы анықтаманы береді. Анықтамаға айырбастау пунктінде кассирі қол қояды және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркеледі.»;

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «70. КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабында көзделген немесе Қағидалардың 73-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес клиенттің жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректер ұсынылмаған жағдайларды қоспағанда, түрлері бойынша аффинирленген құйма алтынды қабылдауда шектеулер белгіленбейді, сондай-ақ айырбастау пунктінде осындай операцияны жүргізу үшін қажетті сомада қолма-қол ұлттық валюта және (немесе) осындай операцияны жүргізу үшін қажетті көлемде аффинирленген құйма алтын болған кезде жеке тұлғаларға мұндай құймаларды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды жүргізуден бас тартылмайды.»;

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «73. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінде жүргізілетін аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі әрбір операция Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды есепке алуудың электрондық журналында (бұдан әрі – аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы) есепке алынады.

Аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінде әрбір операциялық кассасында аппараттық-бағдарламалық кешенде жеке жүргізіледі. Уәкілетті ұйым аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында көрсетілген аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша жасалған операциялар жөніндегі ақпаратты олар жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы аппараттық-бағдарламалық кешенде сақтауды қамтамасыз етеді.

Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асатын сомадағы операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында мыналар:

клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі);

клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі;

клиенттің заңды мекенжайы тіркеледі.

Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын сомаға операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты, әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.

Клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында тіркеу клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректер негізінде жүзеге асырылады.»;

- 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

- Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

- Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

- Осы қаулы, мыналарды:

осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы және жетпіс жетінші абзацтарын;

осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жетпіс сегізінші, жетпіс тоғызыншы, сексенінші, сексен бірінші, сексен екінші, сексен үшінші, сексен төртінші, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызыншы, тоқсаныншы, тоқсан бірінші, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, тоқсан төртінші, тоқсан бесінші, тоқсан алтыншы, тоқсан жетінші, тоқсан сегізінші, тоқсан тоғызыншы және бір жүзінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

\* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан